

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 121 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 06 қаңтарда № 4217 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 15.03.2017 № 108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық Кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.03.27 N 145 шемімімен.

1. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 қаңтардағы N 45 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4199 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2008 жылғы 29 ақпандағы N 50 және "Қызылординские вести" газетінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 35 сандарында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының

XII сессиясының төрагасы

Қызылорда облыстық

мәслихатының хатшысы

К. Әжібеков

Н. Құдайбергенов

Қоршаған ортаға әмиссия үшін төлемақының ставкалары

1. Төлемақы ставкалары, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшеріне қарай анықталады.

2. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

| N | Ластаушы заттардың түрлері | 1 тоннаға төлемақы ставкалары, (АЕК) | 1 килограмма төлемақы ставкалары, (АЕК) |
|----|--------------------------------|--------------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Күкірт тотықтары | 20 | |
| 2 | Азот тотықтары | 20 | |
| 3 | Шаң және күл | 10 | |
| 4 | Қорғасын және оның қосындылары | 3986 | |
| 5 | Күкіртсүтек | 124 | |
| 6 | Фенолдар | 332 | |
| 7 | Көмірсүтектері | 0,32 | |
| 8 | Формальдегид | 332 | |
| 9 | Көміртегі тотықтары | 0,32 | |
| 10 | Метан | 0,02 | |
| 11 | Күйе | 24 | |
| 12 | Темір тотықтары | 30 | |
| 13 | Аммиак | 24 | |
| 14 | Алты валентті хром | 798 | |
| 15 | Мыс тотықтары | 598 | |
| 16 | Бенз(а)пирен | | 996,6 |

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

| N | Ластаушы заттардың түрлері | 1 тонна төлемақы ставкалары (АЕК) |
|---|----------------------------|-----------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Көмірсүтектер | 44,6 |
| 2 | Көміртегі тотықтары | 14,6 |
| 3 | Метан | 0,8 |
| 4 | Күкірт диоксиды | 200 |
| 5 | Азот диоксиды | 200 |

| | | |
|---|-----------------|--------|
| 6 | Күл | 240 |
| 7 | Күкіртті сутегі | 1240 |
| 8 | Меркаптан | 199320 |

**Ескерту. 3-тармақтағы кесте реттік саны 4-8-жолдарымен толықтырылды -
Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.03.27 N 145 шемімімен.**

4. Козғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

| N | Отын түрлері | Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК) |
|---|-------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Этилденбекен бензин үшін | 0,66 |
| 2 | Дизель отыны үшін | 0,9 |
| 3 | Сұйытылған, сыйылған газ үшін | 0,48 |

5. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

| N | Ластағыш заттардың түрлері | 1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК) |
|----|--------------------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Нитриттар | 1340 |
| 2 | Мырыш | 2680 |
| 3 | Мыс | 26804 |
| 4 | Оттегіге биологиялық сұраныс | 8 |
| 5 | Тұзды аммоний | 68 |
| 6 | Мұнай өнімдері | 536 |
| 7 | Нитраттар | 2 |
| 8 | Жалпы темір | 268 |
| 9 | Сульфаттар (анион) | 0,8 |
| 10 | Өлшенген заттар | 2 |
| 11 | Синтетикалық бетусті-белсенді заттар | 54 |
| 12 | Хлоридтер (анион) | 0,2 |
| 13 | Алюминий | 54 |

6. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары:

| N | Қалдықтардың түрлері | Төлемақы ставкалары (АЕК) | |
|-------|--|---------------------------|---------------------------------------|
| | | 1 | 1 тонна үшін гигабеккерель (Гбк) үшін |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін: | | |
| 1.1 | Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту күрылғыларының көріздік тұнбасы) | 0,19 | |
| 1.2 | Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар: | | |
| 1.2.1 | "қызыл" тізім | 14 | |

| | | | |
|-------|--|-------|--|
| 1.2.2 | "янтарь" тізім | 8 | |
| 1.2.3 | "жасыл" тізім | 2 | |
| 1.2.4 | жіктелмегендер | 0,9 | |
| 1.3 | Бұдан басқа : | | |
| 1.3.1 | Аршынды жыныстар | 0,004 | |
| 1.3.2 | жанас таужыныстары | 0,026 | |
| 1.3.3 | Байыту қалдықтары | 0,02 | |
| 1.3.4 | шлактар, шламдар | 0,038 | |
| 1.3.5 | күл мен күлшлактар | 0,66 | |
| 1.3.6 | Ауылшаруашылығы өндірісінің қалдықтары | 0,018 | |
| 1.3.7 | Техникалық және элементарлық құқірт | 3,77 | |
| 2 | Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк): | | |
| 2.1 | Трансуанды | 0,76 | |
| 2.2 | Альфа-радиоактивті | 0,38 | |
| 2.3 | Бета-радиоактивті | 0,04 | |
| 2.4 | Шынақты радиоактивті көздер | 0,38 | |

Ескерту. 6-тармақтағы кесте 1.3.7.жолмен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2009.03.27 N 145 шемімімен.